

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық және әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары және экономикалық көрсеткіштерінің болжамы жөніндегі мәлімдемесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 наурыз N 398

Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясаты және болжанып отырған негізгі экономикалық макрокөрсеткіштері туралы елдің қалың жұртшылығын хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық және әлеуметтік

саясатының негізгі бағыттары және экономикалық көрсеткіштерінің болжамы жөніндегі мәлімдемесі мақұлданын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық және  
әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары және экономикалық  
көрсеткіштерінің болжамы жөніндегі  
мәлімдемесі

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы жылында Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі мақсаты - инфляцияның төменгі деңгейі кезінде тұрақты экономикалық өсуге өту, инвестициялық ахуалды жақсарту, халықты жұмыспен қамтудың деңгейін және нақты кірістерін арттыруды қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы .

Қойылған мақсатты ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі:  
- мемлекеттік бюджеттің кірістерін тұрақтандыруға және болашақ ұрпақтар үшін қаражат жинақтауға мақсатты бағытталған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тиімді және ашық жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;  
- халықтың әлеуметтік осал жіктеріне мемлекеттік қолдау көрсетуді күшейтуге,

Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламаны іске асыруды жалғастыруға, 2002 жылы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне көшуге қажетті дайындық шараларын жүзеге асыруға;

- инвестициялық ахуалды жақсартуға, экономиканың шикізаттық емес секторына отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі қызметті жандандыруға, елдің несиелік рейтингін (қазақстандық кәсіпорындар мен банктер үшін қарыз алудың шарттарын жақсарту мақсатында) көтеруге қол жеткізуге;

- Қазақстан Даму банкінің экономиканың салалық құрылымын және елдің өндірістік инфрақұрылымын жетілдіруді қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларды несиелендіру жөніндегі жұмысын ұйымдастыруға;

- отандық тауарлардың ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелестік қабілетін арттыру, сондай-ақ экономиканы әртараптандыру үшін жағдай жасауға;

- сонымен бір мезгілде шикізаттық емес экспортты дамытуды көтермелей отырып, импорт алмастыру саясатын іске асыруды жалғастыруға;

- ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырумен байланысты, жекелеген позицияларды субсидиялаумен бірге бәсекелестік секторды дамытуға бағдарланған ауыл шаруашылығын қолдау саясатын жүргізуге;

- Қазақстанның бас қаласы - Астананың құрылысын салу мен оны дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруға;

- Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты қалыптастыру жөніндегі күш-жігерді жалғастыруға және Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі жөніндегі жұмысты жалғастыруға;

- ұлттық компаниялардың, мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін басқару мен бақылаудың тиімділігін арттыруға және мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар қызметінің ашық болуын қамтамасыз етуге;

- табиғи монополияларды реттеудің жүйесін жақсартуға, орта мерзімдік тарифтік тетіктерге көшуді қамтамасыз етуге тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің жекелеген түрлері бойынша республикалық және аймақтық рыноктардың монополиялануына жол берілмеуін бақылауды жүзеге асыруға;

- елдің транзиттік әлеуетін дамытуға жәрдемдесетін, қазақстандық кәсіпорындар мен тұтынушылардың көліктік шығындарын азайтуды қамтамасыз ететін біртұтас көлік инфрақұрылымын қалыптастыруға кірісуге;

- ұлттық ақпараттық инфрақұрылым құру, елдің телекоммуникациялық саласын ырықтандыру, сондай-ақ экономиканың жаңа (ақпараттық) секторын құру жөнінде күш-жігер жұмсауға ниеттеніп отыр.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің іс-қимылында Қазақстанның Ұлттық Банкі жүргізіп отырған ақша-несие саясатын қолдайтын, банк секторы мен сақтандыру секторын одан әрі нығайтуда, сондай-ақ халықтың ұзақ мерзімді ақша жинақтарын ынталандыруда елдің орталық банкіне барынша көмек көрсететін болады.

Үкімет Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымын одан әрі дамыту, бағалы қағаздар рыногында кіші (миноритарлық) акционерлер мен инвесторлар мүдделерін қорғауды жақсарту жөніндегі қызметіне көмектесетін болады.

Салық саласындағы жұмыс салықтық және кедендік әкімшілік жүргізуді едәуір жақсартуға әрі салық салу базасын кеңейтуге бағытталады. Салық түсімдерінің толықтығын қамтамасыз ету үшін акцизделетін өнімдер айналымын бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Биылғы жылғы 1 шілдеден бастап қосылған құнға салынатын салық ставкасы 16 пайызға дейін, әлеуметтік салық - 21 пайызға дейін төмендетіледі, Ресеймен сауда жасау кезінде ҚҚС-ты есептеу әдісімен алуға көшіру жүзеге асырылды. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі шеңберінде жұмыс істеуге уақытылы дайындау мақсатында тиісті дайындық жұмысы жүргізілетін болады.

Үкімет бюджет жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Үш жылдық бюджеттік жоспарлауға көшу бекітіліп, бюджеттік бағдарламалауды жақсарту, мемлекеттік бюджеттің ішкі және сыртқы аудит жүйесін дамыту, несиегерлік те, дебиторлық та қарыздарды қысқарту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Үкімет мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру және тиісті бюджеттік бағдарламаларды орындау үшін орталық пен аймақтар жауапкершілігін жіті бөлу мақсатында мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру тұжырымдамасы мен бағдарламасын жасау ниетінде.

Мемлекеттің орта мерзімді фискалдық бағдарламасы қабылданады, ол мемлекеттің жиынтық алтын-валюта активтерінің мемлекеттің сыртқы қарыздарынан (кепілдік берілгендерін қоса алғанда) асырылуын көздейді.

Үкімет импортты алмастыру саясатын жалғастырмақ ниетте. Бұл жұмыста барлық ірі импорттаушылар мен қазақстандық шикізаттар, материалдар, жабдықтар және жинақтаушы бұйымдар өндірушілер іске тартылатын болады. Тек мұнай-газ кешені кәсіпорындарын тапсырыстарды ел ішінде орналастыруға қайта бағдарлау есебінен ғана өнімдерді, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді 45 млрд. теңге шамасында жүргізу болжанып отыр.

Ауыл шаруашылығы саласында астық қолхаттарын енгізу бағдарламасы іске асырылады және аймақтарда ауылдық несиегерлік серіктестіктер құру жөніндегі үлгілік жоба басталады.

Өсімдіктер мен жануарлар ауруларымен күрес саласында мемлекеттік органдарға бақылау-қадағалау функцияларын одан әрі бөлу және бекіту, тиісті қызметтерді көрсетуші бәсекелестік секторды дамыту бойынша жүйелік қайта құру жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық рыноктарын кеңейту жөнінде шаралар

қ а б ы л д а н а т ы н

б о л а д ы .

Үкімет асыл тұқымды астық шаруашылығын және мал шаруашылығын, сондай-ақ химиялық тыңайтқыштарды қолдануды субсидиялаудың тиімді де ашық жүйесін түзу н и е т і н д е .

Ауыл шаруашылығына лизингтік техниканы беру ауқымы лизингтік төлемдерді қайтарудың тиімділігін бір мезгілде қамтамасыз ете отырып, ұлғайтылатын болады.

Үкімет ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін жанар-жағармай материалдарын сатып алуды жеңілдету мақсатында облыстарға пайызсыз ақшалай несие бөледі.

Энергетика саласында Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы көмірсутекті ресурстарды игеру стратегиясын әзірлеу жүзеге асырылатын, жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру қамтамасыз етілетін болады.

Үкімет Қазақстан Республикасында газ өндіру, қайта өңдеу мен тасымалдау бағдарламасын қабылдайды. Амангелді газ кен орындарын игеру жөнінде іс-әрекет жасалып, Нарын-Сырдария бассейнінің суын пайдалану жөніндегі үкіметаралық келісімге уақытылы қол қою мақсатымен шаралар қабылданатын болады.

Үкімет жылу энергетикасы кешенінде ықпалдастық процестерін тереңдету жөніндегі жұмыстарды Қазақстанның стратегиялық мүдделерін дәйектілікпен қорғай отырып , ж а л ғ а с т ы р а д ы .

Көлік саласында елде автомобиль жолдарын салудың және қайта жаңартудың бесжылдық мемлекеттік бағдарламасы әзірленетін, азаматтық авиацияның еуропалық стандарттарға көшу жоспары қабылданатын және мемлекеттік авиациялық қадағалау н ы ғ а й т ы л а т ы н б о л а д ы .

Темір жолдардың негізгі капиталына инвестицияларды арттыру, оларды қайта құрылымдаудың бағдарламасын іске асыру жөнінде іс-әрекет жасалатын болады. Үкімет отандық өндірушілер мен тұтынушылар үшін барынша қолайлы темір жол тарифтеріне қатысты көрші елдермен уағдаластықтарға қол жеткізу үшін, сондай-ақ транзиттік тасымалдауларды одан әрі дамыту үшін қажетті күш-жігер жұмсайтын б о л а д ы .

Монополияға қарсы саясат саласында орын алып отырған кедергілерді құқықтық негізде жою, бәсекелестік ережелерін бұзушылық, монополиялық жағдайын теріс пайдаланғаны үшін жазалаудың пәрменді шараларын енгізу, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілері экономикалық қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету жолымен бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар мен көтермелеу шаралары ж а с а л а т ы н б о л а д ы .

Кәсіпкерлікті қолдау шағын бизнесті дамыту үшін заңнамалық және ұйымдастыру жағдайлары жақсартылып, қамтамасыз етілетін болады.

Үкімет халықтың тұрмыс деңгейін одан әрі жақсарту, келеңсіз демографиялық үрдістерді біртіндеп еңсеру мақсатымен әлеуметтік саланы дамытуға ықпал жасауды

к ү ш е й т е д і .

Халықты атаулы әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруге, еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан және жұмысынан айырылған жағдайлардағы міндетті әлеуметтік сақтандыру, сондай-ақ қызметкерге келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандырудың тетігін жасауға күш-жігерді шоғырландыру жоспарлануда. Халықты экономикалық және әлеуметтік есепке алу жүйелеріне арналған бірыңғай жеке бірдейлендіру кодын енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу а я қ т а л а т ы н б о л а д ы .

Үкімет жұмыспен қамту, жұмыссыздық деңгейін төмендету және кедейлікпен күресу проблемаларын шешу жөніндегі жұмысты жалғастырады, жастарды жұмыспен қамтуға мемлекеттік қолдау көрсетуді күшейтеді.

120 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын құру, жұмыссыздық деңгейін 11,5%-ға дейін төмендету, 80 мың адамды қоғамдық жұмыстармен қамтуды ұйымдастыру 15 мыңға, жуық жұмыссыз азаматты қайта оқыту жоспарланып отыр.

Үкімет халықтың жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтер көрсету саласын одан әрі тартылуы жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Үкімет тарапынан еңбекке, жұмыспен қамтуға және әлеуметтік қорғауға қатысты проблемаларды шешу мақсатында әлеуметтік әріптестікті кеңейту және нығайту жөнінде одан әрі күш-жігер жұмсалатын болады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығын өткізудің тұжырымдамасын іске асыруға елеулі түрде көңіл бөлінеді.

Денсаулық сақтау дене тәрбиесі және спорт саласында салауатты өмір салты қағидаттарын одан әрі енгізу жоспарланып отыр. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және кемсітудің кез келген нысандарының алдын алуға жоғары деңгейде назар аударылатын болады.

Үкімет мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту, орыс және басқа да тілдерді одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жандандыра түседі.

Мәдениет объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, ұлттық мәдениеттің бұқаралылығын кеңейту, оның одан әрі дамуына ықпал ететін жағдайларды жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Үкімет ақпараттық рынокты дамытуға бағытталған күш-жігер жұмсауды жалғастыратын болады. Елдегі демократияландыруды тереңдету, сондай-ақ отандық БАҚ-ты қолдау мақсатында тиісті салықтық жеңілдіктер енгізу жоспарланып отыр.

Көзделіп отырған экономикалық және әлеуметтік саясатты іске асыру сыртқы тауар және қаржы рыноктарында оң конъюнктура сақталған жағдайда мынадай макроэкономикалық көрсеткіштерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

---

## Көрсеткіштер

! 2000 ж. ! 2001 ж.  
! есеп ! болжам

Нақты мәндегі жалпы ішкі өнім (өткен жылға %-бен)	109,6	104
Нақты мәндегі өнеркәсіптік өнімнің көлемі (өткен жылға %-бен), оның ішінде, өңдеуші өнеркәсіп	114,6 115,6	108,0 106,0
Негізгі капиталға инвестициялар (өткен жылға %-бен)	129,4	122
Жылдың аяғындағы тұтыну бағасының индексі (%-бен)	9,8	6,9
Жылына орташа есеппен тұтыну бағасының индексі (%-бен)	13,2	8,4
Мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер (ЖІӨ-ге %-бен)	23,0	23,4
Ұлттық қорға түсетін түсімдер (ЖІӨ-ге %-бен)	-	5,0
Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы (профициті)	0,1	-2,6
Экспорт ф.о.б. (өткен жылға %-бен)	160,3	102,5
Импорт ф.о.б. (өткен жылға %-бен)	128,6	104,5

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК